

тілі бойынша) , шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика)– 2023 жылғы 13 маусым;

11-сынып білім алушылары үшін:

1) казак/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 5 маусым;

2) алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан – 2023 жылғы 8 маусым ;

3) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан – 2023 жылғы 12 маусым;

4) орыс тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда казак тілінен және казак тілінде оқытатын мектептерде /сыныптарда орыс тілінен жазбаша емтихан – 2023 жылғы 15 маусым;

5) таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, Дүнежүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет, шет тілі (ағылшын/ француз/неміс), информатика) бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 19 маусым.

5. 9, 11 сыныптардың білім алушыларын қайта қорытынды аттестаттау орта білім беру ұйымдары айқындаған мерзімде өткізіледі.

6. Білім бөліміне мектеп директорының оқу ісі жөніндегі менгерушілері:

1) 2023 жылғы 20 мамыр және 1 маусым аралығында жалпы орта білім туралы үздік және «Алтын белгі» аттестатына үміткерлердің құжаттарын тапсырсын;

2) 2023 жылдың 20 мамыр және 1 маусым аралығында негізгі және орта мектеп курсы үшін емтихандардан босату білім алушылардың құжаттарын тапсырсын.

6. 2008 жылғы 18 наурыздағы «Орта техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды , оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 125 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) талаптарына сәйкес 2022-2023 оқу жылын аяқтауды камтамасыз етсін.

7. Оқу жылының ұйымдасқан түрде аяқталуына және жалпы орта білім беру ұйымдарында емтихандардың өткізілуіне жауапкершілігі мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі менгерушілері Г.Смагуловаға және Г.Сарсембаеваға, тәрбие ісі жөніндегі менгерушісі Г.Байсултановаға жүктелсін.

8. Осы бұйрықтың орындалу бақылауына өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



А. Исакова

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ
ПАВЛОДАР АУДАНЫ БІЛІМ
БЕРУ БӨЛІМІНІҢ
«ШАҚАТ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ
БЕРУ МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ШАКАТСКАЯ СРЕДНЯЯ
ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ПАВЛОДАРСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

140920, Павлодар ауданы, Шақат ауылы,
Қаратай Әбдіқов көшесі, 5, тел/факс: 8(71845)55-444

140920, Павлодарский район, село Шақат,
ул. Каратай Әбдіқов, 5, тел/факс: 8(718-45) 55-444

БҰЙРЫҚ

2023-ж. 24.04 № 1-03/102

ПРИКАЗ

**2022-2023 оқу жылын аяқтау және
Шақат жалпы орта білім беру
мектебінде білім алушылардың қорытынды
аттестаттауын өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 бұйрығын орындау мақсатында, Павлодар облысы білім беру басқармасының 2023 жылғы 21 сәуірдегі № 2-02/234 бұйрығына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Меншік нысаны және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарындағы оқу сабақтары 2023 жылғы 31 мамырда аяқталсын.

2. 9 сынып білім алушыларының қорытынды емтихандары – 2023 жылғы 2 -13 маусым аралығында өткізілсін;

3. 11 сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары – 2023 жылғы 5-19 маусым аралығында өткізілсін.

4. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 сынып білім алушылары үшін :

1) қазақ/орыс (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін жазбаша жұмыс (мақала, эссе, эссе) – 2023 жылғы 2 маусым;

2) математика (алгебрадан) жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2023 жылғы 6 маусым;

3) орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2023 жылғы 9 маусым;

4) Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту